

**2022-2023 оқу жылына арналған «SABA-16» ЖШС – «Арай»
балабақшасының оқу жұмыс жоспарын құру бойынша
түсіндірме жазба.**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбие - білім беру процесін келесі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен (бұдан әрі-Стандарт);
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар);
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламасы);
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесі бекіткен және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламалары.

Тәрбиеленушілердің жеке басын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

физикалық даму;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылына арналған «SABA-16» ЖШС – «Арай» балабақшасының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес жасалды. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 17 қаңтарда №8275 тіркелген.

Балабақшада 6 жас тобы жұмыс істейді:

қазақ тілінде оқытылатын «Еркемай» кіші тобы (2 жастағы балалар),
қазақ тілінде оқытылатын «Ақ бота» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар),
орыс тілінде оқытылатын «Болашақ» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар),
қазақ тілінде оқытылатын «Балбөбек» ересек тобы (4 жастағы балалар),
орыс тілінде оқытылатын «Непоседы» ересек тобы (4 жастағы балалар),
орыс тілінде оқытылатын «Фиксики» мектепалды даярлық тобы (5 жастағы
балалар).

Әрбір жас тобына, бүлдіршіндерге арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына, мектепке дейінгі ұйымның / мектептің (лицейдің, гимназияның) мектепалды тобының (5 жастағы балалар) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспары жасалды.